

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Баланың сөздік қорын молайту арқылы, ұлттық құндылықтар туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Балалардың бойына ата – мұра құндылықтарын қастерлеуге, салт – дәстүрді біліп үйренуге тәрбиелеу.

Тәжірибе арқылы баланың танымдық қасиетін, сөз байлығын дамыту. Сүт туралы түсінік беру (пайдалы, сұйық, ақ). Сүт пен бояуды араластыру, сүтті үрлеу арқылы қызмет жоспарлауда балалардың іскерлігін дамыту, қорытынды жасауға үйрету. Сүт туралы және дәмін өзгерте алады деген тұжырымға келу. Гигиеналық дағдыларға үйрету, сүтпен жұмыс істегенде ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әуенмен топқа балалар кіреді.Әсем қимыл жасап ,өзара сөйлесіп тұрады.

Соңдарынан тәрбиеші кіріп,балаларға былай дейді:

-Ой,балалар қандай сабырсыз едіңдер,сәл мені күткенде бірге кірер едік.

1.бала:

-Апай сіз бүгін көктемнің күніндей құлпырып кетіпсіз!

2.Бала:

-Ия апай, көктемнің алғашқы гүлі қызғалдақтай болып тұрсыз

3.Бала:

-Расымен де көктемнің күніндей,жылулық шашып тұрсыз.

Тәрбиеші:

-Солай ма балалар! Мені марқайтып тастадыңдар ғой! Көктем мезгілінің келіп жеткенін тағы есіме түсіргендей болдыңдар .

Балалар:

-Апай басыңыздағы тақияңыз сондай көрікті екен.

Тәрбиеші:

-Рахмет балалар.Балалар қараңдаршы менің қолымдағы не нәрсе екен? Кім біледі?

Балалар:

-Әрине білеміз,ол қоржын.

Тәрбиеші:

-Қоржын не үшін қажет,білесіңдер ме?

Балалар:

- Қоржын– иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Түрлі заттар алып жүруге пайдаланылады. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ кілемше (түкті, өрнекті) түрінде жасалады. Оның ат қоржын, түйе қоржын, т.б. түрлері бар.

Тәрбиеші:

-Жарайсыңдар балалар.Қоржынға салып сендерге әсем тақия әкелген едім.Балалар тақия біздің ұлттық бас киіміміз болып саналады.Ол адамға көрік береді.Қане келе қойыңдар сендерге тақиядан үлестіріп берейін.

Тәрбиеші:

-Балалар енді барлығымыз жайғасып отырайық. Балалар мен сендерге жұмбақ жасырып көрейін. Жауабын айта қойыңдаршы?

Төбедегі көзінен.
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ төрінен.
Самал еркін еседі. **(Киіз үй)**

-Дұрыс айтасыңдар. Балалар менің қолымдағы не зат екенін білесіңдер ме?

Балалар:

-Әрине бұл киіз үй.

Тәрбиеші:

- Балалар бұл киіз үйдің макеті.

— Киіз үй туралы не білесіңдер?

— Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді?

— Киіз үйді неден жасайды?

— Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме?

— Жарайсыңдар балалар.

— Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін.

— Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).

Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.

Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.

Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.

Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.

Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.

Тәрбиеші балалардан киіз үй туралы кім тақпақтар білетінін сұрайды және балалардың тақпақтарының жауабын киіз үйдің бөліктерінен көрсетіп тұрады.

1 – бала:

Қабырғасы тор көз,

Төбесінде зор көз. (Кереге, Шаңырақ)

2 – бала:

Тұмсығын тесіп.

Жүннен бұйда есіп

Қазыққа байлады. (Уық)

3 – бала:

Жетпіс екі найзасы.

Біріктіріп тұрады. (Шаңырақ)

Тәрбиеші:

-Енді балалар осы киіз үйіміздің ішінде не болады екен?

Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық.

Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.

Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары..

Жастық ағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.

Жүк аяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.

Сандық – киім — кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһаздары.

Ас ауқат ішетін- **үстел.**

-Ал үстелге не қойылады?

Балалар:

-Әрине ас ауқат қойылады.

Тәрбиеші:

-Ал енді айтыңдаршы, қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіңдер?

Балалар:

Балқаймақ — Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам.

Құрт – малдың сүтінен дайындалатын ұзақ уақыт сақтауға арналған тағам. Сабаға сүтті жинап, сүт ашығаннан кейін піседі, сүт іркітке айланып, майы бетіне қалқып шығады. Майын бөлек алып тұздап қарынға салады да, іркітті қазанға суы сарқылғанша қайнатады.

Шұбат — Тайлақты түйенің сүтін ашытып жасалатын сусын.

Айран – Сиыр сүтінен алынатын сусын. Айран – ұйытылған сүт. Оны қаймағы алынған сүттен де, қаймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады.

Ірімшік — сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен қайнатып әзірленетін тағам.

Ірімшікті дайындау үшін ыдысқа құйылған шикі сүттің үстіне азырақ айран құйып, сүтті ірітеді. Одан соң іріген сүтті отқа қойып қайнатады. Ірімшіктің сары суы бөлінген кезде оны шыптаға сүзеді.

Қуырдақ — Төрт – түлік малдың етінен май араластырып пісіретін тағам. Малдың ішекқарнымен, өкпе бауыры мен бірге пісірілетін тағам.

Бауырсақ — Бауырсақты білмейтін қазақ жоқ шығар, ұлттық тағамның ұлы асы. Ұн мен майға пісірілетін тағам. Оны қамырды ашытып та ашытпай да дайындауға болады. Ашытпай пісірген бауырсақ көпке шыдайды, ал ашытып пісірілген бауырсақ кеуіп қалса, жеуге жайсыз болады. Ашымаған қамырдан бауырсақ пісіру үшін ұнға май, жұмыртқа, сүт, тұз салып илейді (айран құйса да болады).

Сүт- Сиыр, қой, ешкі, бие, түйе малдарының жаңа сауылған, шикі сусын. **Сүт** – басқа ешқандай азық- түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім.

Витаминдерінің таптырмайтын көзі. Сүт және оның өнімдерінің құрамында жеңіл

сіңетін құраушылар бар. Олар бізге кальцийді, дәрумендерді сондай-ақ көптеген басқа қоректік құндылықтарды жеткізеді.

Тәрбиеші:

-Балалар осы сүтті зерттеп, тәжірибе жасап көреміз бе?

Балалар:

-Әрине.

Тәрбиеші:

-Олай болса, балалар, сүттің қасиетін анықтау үшін зертханаға барып тәжірибе жасап көрейік. Балалар, зертханаға қажетті киімдерді киіңіздер (алжапқыш, жеңұш).

Балалар алжапқыштар мен жеңұштарын киеді.

1. Алдымен екі стаканда не тұр екен? Екеуінің түсі қандай?

2. Енді екеуіңізде дәмін татып көрелік. Айырмашылығын айта қойыңдаршы?

3. Алдарыңда қасық тұр, сол қасықты алдымен суға салып көрейік. Қасық көрінді ме?

4. Енді қасықты сүтке салып көрейік. Қасық көрінді ме?

5. Балалар алдарыңызда үш түрлі шприцке сорылған түсті бояулар тұр. Эбру әдісімен кемпірқосақтың суретін саламыз. Бояуларды сүтке тамызып көріңдерші? Сүт қандай өзгеріске ұшырады?

6. Ал енді алдарыңда тұрған мақта таяқшаларын ыдыс аяқ жуатын сұйықтыққа батырып алып, сүтке салып көріңдерші? Сүт қандай өзгеріске ұшырады?

Сүттің әдемі бояулары әр жақа ыдырап қозғалып не пайда болды?

Тәрбиеші түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

-Балалар ойын ойнағыларың келе ме? Олай болса «Сүтті қайдан аламыз?» деген ойын ойнаймыз.

-Балалар алдарыңда тұрған ыдыстағы сүтті түтікшемен үрлеу арқылы қандай жануардан сүт келетінін анықтаймыз.

-Ненің суретін көрдіңдер?

-Демек сүт, төрт түлік малдан келеді екен.

-Міне балалар сүтті де зерттеп болдық. Зерттеу жұмыстары ұнады ма?

Балалар:

-Ия апай зерттеу жұмыстары өте қызық болды.

Балалар өз ойларын айтып бүгінгі өтілген іс-әрекетті қортындылайды.

Тәрбиеші:

-Олай болса біздің сұлу қыздарымыз сүттен пайда болатын айранға тосап қосып, йогурт дайындасын.

Тәрбиеші:

-Ал ер балалармен «Ойнайық та ойлайық» атты ойынын ойнап жіберейік.

Балалар тақтада ою артында суреттер жасырылған. Кезекпен шығып, жебемен атып дәлдейміз. Қандай сурет шықса, түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз.

Балалар кезекпен шығып жебе атып, ойын ойнайды. Ұлттық ойын шыққан жағдайда, тәрбиеші ойынды балабақша ауласын шығып ойнауға ұсыныс жасайды.

«Балауса бөбекжай бақшасы»



Тақырыбы: *Жас зерттеуші.*

«Сүттің пайдасы»

«Алтын сақа» МАД тобында ұйымдастырылған ашық іс-әрекетінің
технологиялық картасы

Тәрбиешілер :*Г.Ташкенбаева*
Алдабергенова Ж.

2024ж